

**Қазақстан Республикасы табиғат қорғау ұйымдары қызметкерлері
лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрдің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 25-02-01/451 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2011 жылы 22 қыркүйекте № 7196 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 120 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.03.2017 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабының 3-тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы табиғат қорғау ұйымдары қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е.Н.Нысанбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланғаннан бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Аман

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

_____ Г. Әбдіқалықова

2011 жылғы 23 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 05 тамыздағы
№ 25-02-01/451 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Табиғат қорғау ұйымдары қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

1. Ұйым директоры (бас директоры)

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.03.2015 № 18-06/193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұйымның өндірістік шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды. Қабылданатын шешімдердің зардаптары, ұйым мүлкінің аман сақталуы және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ оның қызметінің қаржы-шаруашылық нәтижелері үшін толық жауаптылықта болады.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасады, мәмілелер, операциялар жасайды, өкімдер, бұйрықтар шығарады және барлық қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулар береді, жоғары тұрған ұйым тағайындайтын қызметкерлерден басқа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, қызметкерлерге көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады.

Ормандарды, жануарлар дүниесін, табиғи кешендерді және табиғи-қорық қорының басқа объектілерін қорғауды, күзетуді, молықтыруды қамтамасыз етуді, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын мемлекеттік реттеуді және оларды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оларды қорғауға, күзетуге, молықтыруға және пайдалануға мемлекеттік бақылау жасайды.

Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысы мен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін ормандар мен жануарлар дүниесін, табиғи кешендерді және табиғи қорық қорының басқа да объектілерін қорғау, күзету, молықтыру жөніндегі қызметті дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы және сақтандыру қорлары, банк алдындағы міндеттемелерді ұйымның орындауын, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) бизнес-жоспарлар көрсеткіштерінің орындауын қамтамасыз етеді.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, ұтымды пайдалану және олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін дамыту, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын, ұжымда жайлы психологиялық ахуал құру жөнінде шаралар қолданады.

Еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің бойында бастамашылық пен белсенділікті дамытуға

жәрдемдеседі. Басқа лауазымды тұлғаларға: директордың орынбасарына, филиалдардың, орманшылықтардың басшыларына, мамандарға, қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады.

Сотта, төрелік сотта, мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда ұйымның мүліктік және басқа мүдделерін қорғайды және білдіреді.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйымның бағыты, мамандануы және құрылымдық ерекшеліктері; ұйымның өндірістік қуаттары мен кадрлық ресурстары; шаруашылық жүргізу мен ұйымды басқарудың осы заманғы әдістері; стратегиялық жоспарлау; республикадағы және шет елдердегі орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық отандық және шетелдік тәжірибе; әкімшілік және қылмыстық заңнаманың негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында (аңтану және аң өсіру, агрономия, орман ресурстары және орман өсіру, өнеркәсіптік балық аулау және балық шаруашылығы, аграрлық техника және технология), жаратылыстану ғылымдары саласында (биология, экология, география), құқық саласында (құқықтану, халықаралық құқық), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласында (экономика, қаржы). Ұйымдағы басшы қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес және/немесе өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақ немесе қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі болғаны жөн.

2. Ұйым директорының (бас директорының) орынбасары

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.03.2015 № 18-06/193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Өзінің міндеттерін ұйым басшысының жалпы басшылығымен және басқа бөлімшелердің басшыларымен бірлесе отырып орындайды. Өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде директордың орынбасары өзінің құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасады, мәмілелер, операциялар жасайды, ормандар мен жануарлар дүниесін, табиғи кешендерді және табиғи-қорық қорының басқа объектілерін қорғау, күзету, молықтыру жөніндегі барлық техникалық және өндірістік-шаруашылық іс-шараларын жүргізу жөнінде ұйымның барлық қызметкерлеріне нұсқаулар береді.

Перспективалы және ағымдағы жоспарларды жасауға ұйымның қызметтері мен құрылымдық бөлімшелерінің қатысуын ұйымдастырады, өндірістік қызметтің ұзақ мерзімді стратегиясын айқындайды, техникалық құралдардың, әкімшілік ғимараттардың, шаруашылық үй-жайлардың, кордондардың және басқа құрылыстардың жай-күйіне бақылау жасайды, бюджеттік бағдарлама жоспарына сәйкес жөндеу және құрылыс жұмыстарын ұйымдастырады.

Ұйым басшысының тапсыруы бойынша төтенше жағдайлардың пайда болу себептеріне, аумақ режимінің және оның күзет аймағын пайдалану режимінің бұзылуына, қызметкерлер тарапынан қызметтік тәртіп бұзушылықтарға тексеру жүргізеді, инспекторлық айналмаларға жоспарлы ревизиялар жасайды, табиғат қорғау заңнамасын бұзудың алдын алу жөнінде жергілікті халықтың арасында профилактикалық түсіндіру жұмысы жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер мен нормалардың сақталуын бақылайды. Барлық мәселелерді өзіне берілген құқықтар шегінде шешеді және басқа лауазымды тұлғаларға: ұйымның функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына жекелеген өндірістік-шаруашылық функцияларын орындауды тапсырады. Ұйым басшысының тапсыруы бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымның мүліктік және басқа мүдделерін сотта, төрелік сотта, мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда қорғайды және білдіреді.

Еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің бойында бастамашылық пен іскерлік белсенділікті дамытуға жәрдемдеседі.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас

жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", " Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйымның бағыты, мамандануы және құрылымдық ерекшеліктері; ұйымның өндірістік қуаттары мен кадрлық ресурстары; шаруашылық жүргізу мен ұйымды басқарудың осы заманғы әдістері; стратегиялық жоспарлау; республикадағы және шет елдердегі орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық отандық және шетелдік тәжірибе; сондай-ақ озық мекемелерінің, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы жұмыс тәжірибесі; әкімшілік және қылмыстық заңнаманың негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында (аңтану және аң өсіру, агрономия, орман ресурстары және орман өсіру, өнеркәсіптік балық аулау және балық шаруашылығы), жаратылыстану ғылымдары саласында (биология, экология, география), құқық саласында (құқықтану, халықаралық құқық), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласында (есеп және аудит, экономика, қаржы). Ұйымдағы басшы қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес және/немесе өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақ немесе қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі болғаны жөн.

3. Филиал директоры

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.03.2015 № 18-06/193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Филиалдың жұмысын ұйымдастырады және оның жай-күйі мен қызметі, филиал мүлкінің сақталуы, сметалық-қаржы, шарттық және еңбек тәртібінің сақталуы мен істің шаруашылық тұрғыда жүргізілуі үшін толық жауаптылықта болады, орман шаруашылығы, орман дақылдары, шаруашылық, орман қорғау және рекреациялық жұмыстардың орындалуын

ұйымдастырады. Шаруашылық қызметтің барлық саласы бойынша өндірістік және бизнес-жоспарларды бекітеді. Филиалдың бүкіл өндірістік-шаруашылық, рекреациялық-туристік қызметі үшін толық жауап береді.

Өндірістік-шаруашылық қызметті ең жаңа техника мен технологияны, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін, табиғи ресурстарды пайдалану деңгейі мен оларды ұтымды пайдалануды барынша арттыру мақсатында озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде ұйымдастырады. Барлық құрылымдық бөлімшелердің, филиалдардың жұмысы мен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін табиғи кешендерді қорғау мен молықтыруды, дамыту мен жетілдіруге, әлеуметтік және экологиялық басымдықтарды ескере отырып, табиғат пайдалануды және ұйымдық жұмысты дамыту мен жетілдіруге, жұмыс тиімділігін арттыруға, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін молықтыру көлемін көбейтуге бағыттайды.

Өзінің құзыреті шегінде филиал бойынша бұйрықтар шығарады, еңбек заңдарына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, филиал қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және сөгіс жариялайды. Филиал қызметінде және оның шаруашылық- экономикалық байланыстарын жүзеге асыруда, табиғат қорғау жұмысын жүргізу, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу үшін құқықтық құралдарды пайдалануда заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйымның бағыты, мамандануы және құрылымдық ерекшеліктері; ұйымның өндірістік қуаттары мен кадрлық ресурстары; шаруашылық жүргізу мен ұйымды басқарудың осы заманғы әдістері; стратегиялық жоспарлау; республикадағы және шет елдердегі орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық отандық және шетелдік тәжірибе; сондай-ақ озық орман және аңшылық шаруашылығы мекемелерінің, ерекше қорғалатын табиғи

аумақтың жұмыс тәжірибесі; әкімшілік және қылмыстық заңнаманың негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында (аңтану және аң өсіру, агрономия, орман ресурстары және орман өсіру, өнеркәсіптік балық аулау және балық шаруашылығы), жаратылыстану ғылымдары саласында (биология, экология, география), құқық саласында (құқықтану, халықаралық құқық), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласында (экономика, қаржы). Ұйымдағы басшы қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес және/немесе өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақ немесе қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі болғаны жөн.

4. Филиал директорының орынбасары

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.03.2015 № 18-06/193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Орман шаруашылығы, рекреациялық-туристік және шектеулі шаруашылық қызметтің барлық түрі бойынша өндірістік тапсырмалардың орындалуына басшылықты жүзеге асырады және бақылайды. Ведомстволық бағыныстағы орманшылықтардың және жалпы филиал бойынша өндірістік-шаруашылық іс-шараларының жоспарларын әзірлейді және жүзеге асырады, сондай-ақ ормандардың санитариялық жай-күйін жақсарту бойынша басшылық жасайды және бақылауды жүзеге асырады.

Орман орналастыру, жобалау-ізвестіру жұмыстарының орындалуына басшылық жасайды және бақылайды, орман қорының бір жолғы мемлекеттік есебін жүргізуді қамтамасыз етеді, қауіпсіздік техникасы бойынша, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізеді. Орман тұқым шаруашылығын дамытудың, орман тұқымы ісін ұйымдастырудың және тұрақты орман тұқымы базасын құрудың негізгі бағыттарын айқындайды.

Филиалдың инспекторлық қызметі қызметкерлерінің техникалық білімін арттыру жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастырылуына басшылық жасайды. Өрт қаупі бар кезеңге дайындық жөнінде іс-шаралар әзірлейді. Табиғи кешендердің қорғалуы үшін жауаптылықта болады, есептік нысандарын жүргізеді. Ұйым басшысының тапсыруы бойынша филиал аумағын қорғауға байланысты мәселелер бойынша сот және басқа құқық қорғау органдарында өкіл болады.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі,

Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің негіздері, ұйымның бағыты, мамандануы және құрылымдық ерекшеліктері; ұйымның өндірістік қуаттары мен кадрлық ресурстары; шаруашылық жүргізу мен ұйымды басқарудың осы заманғы әдістері; стратегиялық жоспарлау; республикадағы және шет елдердегі орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық отандық және шетелдік тәжірибе; сондай-ақ озық орман және аңшылық шаруашылығы мекемелерінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жұмыс тәжірибесі; әкімшілік және қылмыстық заңнаманың негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында (аңтану және аң өсіру, агрономия, орман ресурстары және орман өсіру, өнеркәсіптік балық аулау және балық шаруашылығы), жаратылыстану ғылымдары саласында (биология, экология, география), құқық саласында (құқықтану, халықаралық құқық), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласында (есеп және аудит, экономика, қаржы). Ұйымдағы басшы қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес және/немесе өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақ немесе қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі болғаны жөн.

5. Құрылымдық бөлімшенің (басқарма, бөлім, сектор, топ) бастығы

Лауазымдық міндеттері. Құрылымдық бөлімшенің қызметіне Бөлімше туралы ережеге сәйкес басшылық жасайды. Бөлімшенің құзыретіне енетін жұмыс мәселелері бойынша озық отандық және шетелдік тәжірибені зерделейді және қорытады. Ұйымның перспективалық жұмыс жоспарларын әзірлеуге қатысады. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі саласындағы заңдарды бұзудың алдын алу және тыю, теориялық және практикалық білімдерді арттыру бойынша құрылымдық бөлімше мамандарының жұмысын ұйымдастырады, лауазымдық

нұсқаулықтарды, ережелерді және басқа да директивалық нұсқауларды қызметкерлердің сақтауына және орындауына бақылау жасайды. Қызметкерлердің біліктілігін арттыруға жағдай туғызады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуы үшін жауаптылықта болады. Бағыныстағы қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді және олардың еңбек тәртібінің жай-күйін бақылайды.

Құрылымдық бөлімше жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру туралы, кадрлар іріктеу, орналастыру және орнын ауыстыру, бөлім штатын мамандармен жасақтау жөнінде, бөлімнің жекелеген қызметкерлерін көтермелеу немесе оларға сөгіс жариялау туралы ұйым басшылығына ұсыныстар енгізеді. Өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды, жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыруды жетілдіру, ғылыми зерттеулер мен эксперименттер өткізу, жаңа техника мен технологияны сынау жөнінде шаралар әзірлеуге қатысады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың күзет режимінің, экологиялық стандарттар мен нормативтердің сақталуын бақылайды, орман және табиғат қорғау заңдарын бұзудың алдын алу және тыю жөнінде шаралар қолданады.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның өндірістік-шаруашылық, қаржылық-экономикалық қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; мамандануы мен құрылымдық ерекшеліктері; ұйымның өндірістік қуаттары мен кадрлық ресурстары; өндіріс технологиясы, салық заңнамасы, шаруашылық жүргізу мен ұйымды басқарудың осы заманғы әдістері; республикадағы және шет елдердегі орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық отандық және шетелдік тәжірибе; орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жануарлар дүниесі саласындағы механикаландыру құралдары және оларды техникалық пайдалану ережелері; әкімшілік және қылмыстық заңнаманың негіздері; қызмет көрсетілетін аумақтың ерекшеліктері; еңбек туралы заңнаманың негіздері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, агрономиялық, географиялық). Тиісті бағыттардағы ұйымдардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

6. Мұражай меңгерушісі

Лауазымдық міндеттері. Мұражайға келушілерге экскурсиялар ұйымдастырады, мұражай экспонаттарының жай-күйіне тұрақты бақылау жасалуды қамтамасыз етеді, мұражайдың жекелеген экспонаттарын ауыстыру, өзгерту бойынша ұсыныстар енгізеді, мұражай жұмысы туралы, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігін кеңінен таныстыратын кітапшаларды, буклеттерді және өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға дайындайды. Мұражай базасында халықты экологиялық ағарту бойынша жұмыс, табиғат мұражайында және экологиялық соқпақтарда лекциялар, әңгімелер өткізеді, мұражайда экологиялық ағарту бойынша тақырыптық лекциялар әзірлеуге қатысады және оны тікелей жүзеге асырады.

Табиғат мұражайы бойынша экскурсиялық мәтіндер әзірлейді. Экологиялық-ағарту жұмысының жоспарларын әзірлеуге және жасауға қатысады. Халықаралық экологиялық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оның күзет аймағы бойынша экологиялық экскурсиялар өткізуге, тақырыптық көрмелер өткізуге, радио, теледидар арқылы, баспасөзде, семинарларда, кеңестерде, конференцияларда сөз сөйлеуге қатысады. Бұқаралық табиғат қорғау акцияларын өткізуге, қорық режимін қорғауға және сақтауға қатысады.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; орындалатын жұмыс мәселелері бойынша әдістемелік және нормативтік материалдар; халықпен экологиялық-ағарту жұмысының нысандары мен әдістері; республикадағы және шет елдердегі орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы ғылыми-техникалық

жетістіктер мен озық отандық және шетелдік тәжірибе; еңбек туралы заңнаманың негіздері; қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, агрономиялық, географиялық). Тиісті бағыттардағы ұйымдардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

7. Табиғатты пайдалану жөніндегі инженер

Лауазымдық міндеттері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақта табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, ұйым қызметкерлерінің теориялық және тәжірибелік білімін көтеру жөнінде іс-шаралар жүргізеді, халық пен туристер арасында жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи ресурстарын пайдалану тәртібі бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізеді.

Табиғатты пайдалану бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді, табиғат пайдалану бойынша құжаттаманы дер кезінде рәсімдейді, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жануарлар дүниесі саласындағы заңнаманың сақталуына бақылау жасайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмыс істейтін барлық адамдардың белгіленген күзет режимін, табиғат пайдалану, оның ішінде: әуесқойлық (спорттық) аң және балық аулау, жанама орман пайдалану, арнайы бөлінген учаскелерде шөп шабу мен мал бағу, орман пайдалану тәртібін сақтауын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жер учаскелерін жалға беру мәселелерін, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі мен санитариялық ережелерді сақтауын жүйелі түрде бақылайды, келушілердің ережелерді, сонымен бірге табиғат қорғау заңнамасы ережелерін сақтауын қадағалайды.

Филиалдардың табиғат пайдалану қызметіне әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады. Филиалдардың табиғат пайдалану жөніндегі басшылық тапсырмаларын орындау жұмысына жедел басшылық жасайды, табиғат пайдалану бойынша қызмет көрсету сапасын тексереді.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше

қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; табиғат пайдалану мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, күтім жасау мақсатында ағаш кесу жұмыстарының технологиясы және осы жұмыстарды механикаландыру саласындағы ғылым мен озық отандық және шетелдік тәжірибенің жетістіктері; кеспеағаштар бөлудің технологиясы мен әдістемесі; күтім жасау мақсатында ағаш кесу жұмыстарының технологиясы және осы жұмыстарды механикаландыру құралдары; өртке қарсы алдын алу шараларының талаптары және ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелері; табиғат пайдалану мәселелері бойынша есептілік әзірлеу мерзімдері мен нысандары; табиғат пайдаланудың қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкестігін бақылау ережелері мен құралдары; қорғалатын табиғи аумақтың шекарасы, ландшафтық және экологиялық жағдайлары мен ерекшеліктері; еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңнаманың негіздері; ормандағы өрт қауіпсіздігі ережесі; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

жоғары санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

бірінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бірі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі орта деңгейдегі маман:

жоғары санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

8. Эколог

Лауазымдық міндеттері. Табиғи кешендерді экологиялық, табиғат пайдалану режимін бұзушылықтар мен өрттерден қорғауды ұйымдастырады, қоршаған ортаны қорғауды, табиғат қорғау заңнамасын бұзудың алдын алуды және өрт қауіпсіздігі ережесін тұрғындар мен туристер арасында түсіндіру жұмысын жүргізеді. Экологиялық қауіпсіздікті нормаларын бұзу туралы хаттамалар мен өзге де құжаттаманы тексереді. Экологиялық нормаларды бұзуды есепке алу кітабын жүргізеді. Белгіленген экологиялық қауіпсіздік нормаларының, күзет, ағаш кесу, орманды жанама пайдалану режимінің, өрт қауіпсіздігі мен санитариялық ережелердің, экологиялық заңнаманың сақталуын жүйелі түрде бақылайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен іргелес аумақтың атмосферасына, топырағына және су ортасына зиянды қалдықтар мен ластаушы заттардың нормалары мен нормативтерінің жай-күйіне бақылау жасайды, табиғи кешендердің, әуе бассейнінің, топырақ пен су ортасының экологиялық жай-күйінің өзгерістері мен нашарлауын бақылайды және бұл жайында дер кезінде хабарлайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақта экологиялық қауіпсіздік нормаларына ревизия өткізеді және оған басшылық жасайды.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; атқарылған жұмыстар бойынша экологиялық, табиғат қорғау және техникалық құжаттаманы жоспарлау мен қаржыландыру тәртібі мен әдістері; табиғи өрттердің алдын алу негіздері; аңдар мен құстардың жалпы экологиясы мен биологиясының негіздері; экологиялық қауіпсіздік ережелері мен нормалары, атмосфераға ластаушы заттар шығарудың жол берілетін нормалары; табиғат қорғау режимін бұзғаны үшін белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік нормалары; техникалық құжаттаманы ресімдеу ережесі; еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнама негіздері; ормандағы өрт қауіпсіздігі ережесі; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

жоғары санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі орта деңгейдегі маман:

жоғары санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

9. Рекреация және туризм жөніндегі маман

Лауазымдық міндеттері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ бойынша экскурсиялар ұйымдастырады, ұйым жұмысы туралы, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік салтын кеңінен таныстыратын кітапшаларды, буклеттерді және өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға дайындайды, ғылыми қызметкерлермен, туристік және білім беру мекемелерімен және жұртшылықпен тығыз байланыс жасап тұрады.

Жергілікті халық пен келушілер арасында табиғат туралы лекциялар, әңгімелер өткізеді, слайдтар мен ғылыми-көпшілік бейнефильмдер көрсетеді, ғылыми-танымдық, туристік-экскурсиялық маршруттар бойынша экскурсиялық мәтіндер әзірлейді.

Экскурсиялық қызметпен тікелей айналысады, ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оған іргелес аумақтар бойынша туристік маршруттар дайындауға қатысады. Жергілікті табиғатпен және ерекше қорғалатын табиғи аумақпен байланысты проблемалар мен оқиғаларды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетеді, жергілікті журналистер үшін жүйелі түрде баспасөз-релиздерін әзірлейді.

Экскурсиялық және туристік соқпақтар мен маршруттар, шолу алаңдарын, ақпараттық бекеттер құру және олардың жұмыс істеуі бойынша ұсыныстар енгізеді, қоғамдық табиғат қорғау ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істейді,

мамандардың бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде мақалалар жазып, сөйлеп тұруын әзірлеуге, буклеттер, фотоальбомдар әзірлеуге, шығаруға және өткізуге, слайд, кино және бейнефильмдер, анықтамалық материалдар мен өзге де ақпараттық-баспа өнімдерін, значоктар, кәдесыйлар, рәміздік бұйымдар жасауға қатысады.

Туризм жөніндегі жұмысты жүзеге асыру, экскурсиялық мәтіндер әзірлеу, туристік маршруттардың жұмысы туралы ақпарат тарату үшін жауаптылықта болады.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйымның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; туризм бойынша заңнамалық, нормативтік құжаттар; ормандағы өрт қауіпсіздігі ережесі, санитариялық ережелер; маршруттар соқпақтарын жайластыру өлшемдері мен элементтері; табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін белгіленген тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік нормалары; техникалық құжаттаманы ресімдеу ережесі; еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнама негіздері; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

жоғары санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық)

және біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі орта деңгейдегі маман:

жоғары санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

10. Экологиялық ағарту жөніндегі маман

Лауазымдық міндеттері. Халықты экологиялық ағарту жөніндегі жұмысты жүргізеді. Ұйым жұмысы туралы, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік салтын кеңінен таныстыратын кітапшаларды, буклеттерді және өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға дайындайды. Ғылыми және қоғамдық ұйымдармен, басқа ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметкерлерімен тығыз байланыс жасап тұрады. Балаларды экологиялық ағарту жөніндегі әдістемелік жұмыстар жоспарын жасауға қатысады және оны тікелей жүзеге асырады. Жергілікті халық пен туристер арасында табиғат туралы лекциялар, әңгімелер өткізеді, слайдтар мен ғылыми-көпшілік бейнефильмдер

көрсетеді. Визит-орталықты, табиғат мұражайын биологиялық әртүрлілікті сақтау идеясын насихаттау саласындағы жаңа мерзімді материалдармен қамтамасыз етеді.

Жергілікті табиғатпен және ерекше қорғалатын табиғи аумақпен байланысты проблемалар мен оқиғаларды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетеді, жергілікті журналистер үшін жүйелі түрде баспасөз-релиздерін әзірлейді.

Визит-орталықтар, табиғат мұражайын, тұрақты жұмыс істейтін және жылжымалы көрмелер мен экспозициялар құрумен және олардың жұмыс істеуімен байланысты жұмыстарды орындайды.

Экскурсиялық және туристік соқпақтар мен маршруттар, шолу алаңдарын, ақпараттық бекеттер құру және олардың жұмыс істеуі бойынша ұсыныстар енгізеді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ мамандарының бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жазып, сөйлеп тұруын әзірлеуге, буклеттер, фотоальбомдар әзірлеуге, шығаруға және өткізуге, слайд, кино және бейнефильмдер, анықтамалық материалдар мен өзге де ақпараттық-баспа өнімдерін, значоктар, кәдесыйлар, рәміздік бұйымдар жасауға қатысады.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; халықпен экологиялық-ағарту жұмысын жүргізудің нысандары мен әдістері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері; ішкі еңбек тәртібінің ережелері, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрттен қорғану ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

жоғары санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық)

және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі орта деңгейдегі маман:

жоғары санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

11. Экскурсия жүргізуші

Лауазымдық міндеттері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оның күзет аймағы бойынша келушілердің экскурсияларын ұйымдастырады. Мамандардың БАҚ-та жүйелі түрде мақалалар жазып тұруын әзірлеуге, буклеттер, фотоальбомдар шығаруға және сатуға, слайдтар, кино және бейне фильмдер, анықтама материалдар және өзге де ақпараттық-баспа өнімін, значоктар, кедесыйлар, бейнелік жәдігерлер жасауға қатысады.

Экологиялық тақырып бойынша ұйымдарда лекциялар, әңгімелер, баяндамалар, сондай-ақ басқа да экологиялық-ағарту іс-шараларын әзірлеуге және өткізуге, экскурсиялық және туристік соқпақтар мен маршруттар әзірлеуге қатысады, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізеді, экскурсия жүргізу қызметімен тікелей айналысады. Экскурсиялық және туристік соқпақтар мен маршруттар, шолу алаңдарын, ақпараттық бекеттер құру және олардың жұмыс істеуі бойынша ұсыныстар енгізеді. Қоғамдық табиғат қорғау ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істейді.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйым қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілері; халықпен экологиялық-ағарту жұмысын жүргізудің нысандары мен әдістері, табиғат мұражайының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілер; еңбек, әкімшілік заңнамасының негіздері; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

жоғары санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі орта деңгейдегі маман:

жоғары санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы инженер лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз инженер лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (экология және табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық, географиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

12. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ инспекторы

Лауазымдық міндеттері. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауды қамтитын өзіне бекітіліп берілген учаскедегі табиғи кешендерді тікелей қорғауды жүзеге асырады. Орман дақылдары, орман шаруашылығы, биотехникалық және есепке алу жұмыстарын, сондай-ақ табиғи кешендерді қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған басқа да іс-шараларды жүргізеді.

Өртке қарсы және өзге де іс-шараларды жүргізуге қатысады. Аншлағтардың, шекаралық бағандардың, белгілердің, көпірлердің, соқпақтардың, өрт қадағалау бекеттері мен шептерінің, байланыс желілерінің аман сақталуын қадағалайды және олардың ақаусыз күйде болуын қамтамасыз етеді.

Халық арасында ерекше қорғалатын табиғи аумақ режимін бұзудың алдын алу және өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізеді. Жануарлар санын есепке алуды қоса алғанда, ғылыми және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде ұйымның және мүдделі ұйымдардың қызметкерлеріне көмек көрсетеді. Нұсқаулықтарға сәйкес фенологиялық байқаулар өткізеді.

Өндірістік іс-шараларды орындау бойынша есептіліктер мен басқа да құжаттамалар әзірлейді. Жоспарланып отырған талдамаларды, сондай-ақ жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы есептіліктерді қарауға және бекітуге береді.

Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, басқа адамдардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрттен қорғану ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді. Қызмет бабында пайдалануға арналған өзіне сеніп тапсырған мүлік, сондай-ақ оның айналмасын құрайтын өсімдіктер ресурстары мен басқа да ресурстар үшін толық материалдық жауапкершілікте болады.

Білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының: "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдары және орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен жануарлар дүниесі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер; ерекше қорғалатын табиғи аумақта жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұйымдық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар; ұйым қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілері; табиғи кешендер мен объектілерді қорғау жөніндегі әдістемелік материалдар; ұстау, алып қою хаттамаларын толтыру, өртке қарсы, орман қорғау және табиғат қорғау іс-шаралары жөніндегі перспективалы және ағымдағы қажеттіліктерді айқындау тәртібі; өрттерді сөндірудің, орман тәртібін бұзудың алдын алудың және басқа да орман қорғау іс-шараларының жедел жоспарларын жасау тәртібі; орман өрттерімен, орман тәртібін бұзумен күрес әдістері мен тәсілдері; орман өрттерінің, орман тәртібін бұзудың, орман зиянкестері мен ауруларының пайда болуын талдау және оның алдын алу әдістері; орманды күзету мен қорғау жөніндегі жұмыстарды механикаландыру технологиясы мен құралдары, орман зиянкестері мен аурулары; өртке қарсы және басқа да орман қорғау іс-шараларымен байланысты құжаттаманы ресімдеу, жүргізу және сақтау тәртібі; өртке қарсы және табиғат қорғау жұмыстарының озық отандық және шетелдік тәжірибесі; еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңнама негіздері; ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережесі; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелері мен нормалары.

Біліктілік талаптары.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:

жоғары санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану,

биологиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инспектор лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инспектор лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес.

екінші санат: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық) және біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз инспектор лауазымындағы жұмыс өтілі бірі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

санатсыз: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғатты пайдалану, биологиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі орта деңгейдегі маман:

жоғары санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биологиялық, географиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санаттағы инспектор лауазымындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

бірінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы инспектор лауазымындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі үш жылдан кем емес.

екінші санат: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биологиялық) және біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз инспектор лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі екі жылдан кем емес.

санатсыз: орта техникалық және кәсіби білім (орта арнаулы, орта кәсіби (орман шаруашылығы, аңтану және аң өсіру, экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биологиялық), жұмыс өтіліне талап қойылмайды.